

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Тараз сервис және технология колледжі» КМҚК қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау ХАТТАМАСЫ

Тараз қаласы

2025 жылғы 23 маусым

Төрағалық етуші:

Жұмыс тобының жетекшісі, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары-Алтаева А.Д.

Қатысқандар:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі - СЖТІТ) жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылау.

Қарастырылған мәселе бойынша Кәсіпорынның COMPLAINT-офицері Наметкулов А.Ж. сөз сөйледі: 2025 жылғы 30 мамыр мен 29 маусым аралығында жұмыс тобы «Тараз сервис және технология колледжі» КМҚК-нің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді. Ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- кадр бөлімі, жұмысқа қабылдау және шығару барысын бақылау мен қадағалау бойынша;
- мемлекеттік сатып алуды жүргізу қызметі (2024 жылдың 01 қаңтарымен 31 желтоқсан аралығы, 2025 жылдың қаңтары мен маусым аралығы);
- есеп бөлімі (2024 жылдың 01 қаңтарымен 31 желтоқсан аралығы және 2025 жылдың қаңтары мен маусым аралығы)
- оқу бөлімі жұмыстары 2024-2025 оқу жылы аралығы

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және бағалау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» № 4 ҰББ жобаларын орындау бойынша нұсқаулыққа сәйкес, СЖТІТ нәтижелерін жария талқылауды жүргізу қажет. Қоғамдық талқылауға барлық мүдделі тұлғалар қатыса алады.

2024 жылғы 30 маусымда «Тараз сервис және технология колледжі» КМҚК-нің ресми сайтында СЖТІТ нәтижелерін жария талқылауды бастау туралы ақпарат орналастырылды.

Бұл ретте жұртшылық, сондай-ақ басқа да азаматтар тарапынан ішкі талдау мен «Тараз сервис және технология колледжі» КМҚК-нің қызметіне қатысты ұсыныстар түспегенін атап өту қажет.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау:


- объективтілік;
- сенімділік;
- ашықтық;
- жан-жақтылық қағидаттарына сай жүргізілді.


«Тараз сервис және технология колледжі» КМҚК-нің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды жүргізу рәсімі ережебұзусыз өткізілді.

Жұмыс тобының басшысы:


директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары  Алтаева А.Д.

СЖТІТ жүргізу бойынша жұмыс тобының мүшелері:

директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары  Д.Абитаев

заңгер  Ш.Утепбергенова

бас есепші  С.Рахманбердиев

Комплаенс-офицер  А.Наметкулов